Жаһандану үдерістерінің жағдайында білім өзінің мәні жағынан мультипарадигмалық және полифункционалды болады. Екінші жағынан—өңірлік үдерістер әсерінен ол Қазақстанның өңірлерін дамыту басымдықтарын сақтауға бағытталады. Жаһандануды ғалымдар ұлттық білім беру жүйелерінің бірыңғай білім беру кеңістігіне интеграциялануына ықпал ететін объективті үдеріс деп қарастырады. Білім беру саласының заманауи қазақстандық қоғамның ұлттық құндылығы ретінде сақталуы мен трансформациялануы өңірлік білім беру жүйелерінің бірыңғай әлемдік білім беру кеңістігіне қосылуына тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н. Ә. Назарбаев ««Қазақстан — 2050» стратегиясы-Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» — 14.12.2012 жылғы Қазақстан халқына жолдауы.
2. Назарбаев Н. А. Стратегия «Новый Казахстан в новом мире»: Послание народу Казахстана.— Алматы, 2008.— 27 с.
3. Мухамеджанова А. Г. Человеческий капитал Казахстана: формирование, состояние и использование — Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2001.— 276с.
4. Абдимомынова А. Ш., Махамбетова М. А., Жусупов А. Е. Гендерная структура занятости в Казахстане: проблемы дискриминации Международный журнал экспериментального образования. 2015. № 3—3. С.370—372.
5. Уровень жизни населения в Казахстане: статистический сборник, Астана, 2014.

Шағын бизнесті дамытудың шетелдік тәжірибесі

Спанова Ляззат Кабылбаевна, магистр экономических наук, ст.преподаватель
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

В статье проанализировано развитие малого бизнеса в зарубежных странах.

Ключевые слова: *малый бизнес, конкуренция, предпринимательство.*

Қазіргі таңда экономикасы дамыған елдерде шағын бизнесті дамытуда көптеген шаралар жүргізілуде. Экономикасы дамыған елдердің мәліметтері бойынша шағын бизнес экономиканың дамуына көп әсерін тигізетін факторлардың бірі. Шағын бизнестің экономикалық өсіміне әсер ететін қажетті шарттардың бірі ол қаржылық — несиелік қамтамасыз ету болып саналады. Шағын бизнестің жақсы дәрежеде дамуы, мемлекет тарапынан жүргізілетін несиелік — қаржылық көмексіз өркендей алмайды. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйену Қазақстан кәсіпкерлері үшін қажетті бағыт болып есептеледі.

Қазақстанның шағын кәсіпкерлігін дамыған елдермен салыстырғанда байқалатыны жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көрсеткіштеріне қосар үлес пен халықтық жұмыспен қамтамасыз етілуі сияқты көрсеткіштер бойынша артта қалушылық бар, сонымен қатар дамыған елдердегі сияқты Қазақстандағы ШҚС барлық шаруашылық субъектілерінің 90%-ына иелік етеді. Мысалы, дамыған елдерде ШОК субъектілерінің шығаратын өнімдері көлемінің жылдық үлесі жалпы ішкі өнім көрсеткіштері бойынша 43%-дан (Канада) 57%-79%-ға дейін құраса, Қазақстандағы оның үлесі 3 еседен кем, яғни 15%-ға тең. ШОК секторынан орын алатын халықтың үлесі бойынша біздің еліміздің көрсеткіштері дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен (кесте 1). Соңғы 5 жылдың ішінде Қазақстандағы бұл көрсеткіш 23% деңгейінде тұрса, дамыған елдерде 47%-дан (Канада) 75%-ға (Жапония) дейін [1].

Қазақстанның ШОК секторы сапалық құрылыс бойынша өзінің шетелдік ұқсас секторлары бойынша едәуір өзгеше.

Қазақстанның 40%-ға жуық ШҚС көтерме және жеке сауда саласын қамтиды да, ШҚС-ның 20%-дан астамы ауыл шаруашылығына тән.

АҚШ-та шағын бизнестің құрылымы басқаша қызмет саласының шынайы көрінісі 58%, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 20%-дан астамы құрылыс пен сауда саласындағы қызметтерді жүзеге асырады.

Кейінгі онжылдықтарда экономикалы дамыған Батыс елдеріндегі бәсекенін дамуы әсерінен шағын және орта бизнес рөлі арта түсті. Мұның басты себебі-экономикалық сектордың кәсіпорындарына тән артықшылықтар.

Тұрақты экономикалық жүйеде шағын кәсіпкерлік: динамикалық түрде дамуы мүмкін, тұтынушылардың сұранысының өзгеруіне тез бейімделе алады, бәсекелес нарықтық қатынастарға ықпал етеді, экономикалық құрылымдық қайта құрылуына әсер етеді, жаңа жұмыс орындарын ашады, жаңа кәсіпкерлік топ пен меншік иелерінің құрылуына жағдай жасайды, елдің жалпы ұлттық өнімінде үлкен үлеске ие бола алады, мемлекеттік бюджетке үлкен қаржы сомаларын береді.

Дамыған елдерде шағын кәсіпорындар мынадай салаларда басым рөл атқарады: сауда, автосервис құрылыс, қызмет көрсету салалары. Қазір шағын кәсіпорында жоғары технологиялық сфераларға: машина құрылысы, энергетика, электротехника, химиялық өнеркәсіп, транспорттық қызмет, информатика, микроэлектроника, телекоммуникация салаларына әртараптандырылып жатыр.

Шағын және орта кәсіпорындарын ірі кәсіпорындарымен қатар қызмет етуі дамыған елдер экономикасына тән белгі. АҚШ — та өз ісімен айналысушы азаматтар, яғни кәсіпкерліктер үлкен құрметке ие. Нарықты экономикаға бет бұрған елдер үшін АҚШ — тағы шағын бизнесті дамыту тәжірибесі үлкен маңызы бар.

АҚШ шағын бизнес басқармасының классификациясы бойынша шағын бизнес субъектілеріне: жұмыскерлер саны 500-ге дейін болатын өндірістік және сауда

Кесте 1. Дамыған елдер мен Қазақстанның шағын кәсіпкерліктегі макрокөрсеткіштерін салыстыру

Мемлекеттер	Елдің жалпы ішкі көрсеткішіндегі ШК/ШОК-тің үлесі,%	Жалпы жұмыспен қамтылу-дағы ШК/ШОК-тің үлесі,%	Шаруашылық секторындағы ШК/ШОК-тің үлесі,%
АҚШ	97,60	54	52
Канада	99,80	47	43
Жапония	99,20	75	52
Ұлыбритания	99,10	56	52
Франция	97,60	57	50
Германия	99,30	69	57
Италия	99,20	73	55
Қазақстан	92	23	15
Ескерту: статистикалық мәліметтер бойынша автор құрастырған			

кәсіпорындары, ал басқа салалар үшін — жылдық табысы 2 миллион долларға дейін болатын кәсіпорындар жатады [2].

АҚШ-та тіркелген кәсіпорындардың 97%-ына жуығы шағын кәсіпорындар. Бұл шағын кәсіпорындар жалпы ұлттық өнімнің 53%-ына, бөлшек сауданың 72%-ына, қызмет саласының 57%-ына ие болып тұр.

Экономикалық өсу және құлдырау кезінде, жаңа жұмыс орындарын ашу мен қысқарту кезінде шағын кәсіпорындардың проблемасын бәсеңдетеді. АҚШ-тық шағын бизнес даму мысалы көрсеткендей, шағын бизнес сыртқы ортаның өзгеруіне тез бейімделеді. АҚШ Сауда министрлігінің мәліметтері бойынша шағын кәсіпкерліктің инновациялық сипаты елдің экономикалық өсуіне 20–25%-ға дейін үлес қосады.

АҚШ-та шағын бизнес тұрақты түрде мемлекеттік қолдануға ие. әр түрлі мемлекеттік реттеулер мен қолдау шаралары құқықтық базаға негізделеді. Солардың бірі «Шағын бизнес туралы» заң. АҚШ конгресіне шағын бизнес проблемаларымен екі комитет айналысады. Федералдық деңгейде шағын бизнес әкімшілігі қызмет атқарады. Әкімшіліктің басты функциясы — шағын бизнесті жан-жақты қолдау. әрбір штатта әкімшіліктің аймақтық бөлімдері жұмыс істейді. Аймақтық бөлімшелер шағын бизнес субъектілеріне нарық туралы ақпарат береді, оның мәселелерін шешуге көмектеседі.

АҚШ-та шағын бизнес қоғамда кәсіпкерлік, бәсекелестік атмосферасын дамытуға үлкен үлес қосады. Мемлекет тарапынан болатын шектеулер кәсіпкерлікке кедергі келтіреді. Сондықтан да АҚШ конгресі шағын бизнеске тікелей бақылау жасайды. Конгресс шағын бизнесті қолдау және дамыту мақсатында бірнеше программа жасалады.

АҚШ шағын бизнесті қолдаудың мемлекеттік жүйесі:

- Бюджеттен тікелей дотациялау;
- Мемлекеттік тапсырыстардың бір үлесін шағын кәсіп орындарда орналастыру;
- Шағын бизнеске несие беру кезінде мемлекеттік кепілді қолдану;
- Шағын бизнеске салықтық жеңілдіктер беру.

Негізгі бағдарлама бұл инкубаторлық бағдарлама. Инкубаторлар — ол университеттер, компаниялар, феде-

ралдық органдар, штаттық басқармалар жанында құрылатын ұйымдар. Бұл ұйымдардың негізгі мақсаты — жаңа кәсіпкерлерге жан — жақты көмек көрсету болып табылады. Себебі көптеген кәсіпкерлер өз ісін бастағысы келгенімен, мүмкіндігі жоқ, осындай кәсіпкерлерге инкубаторлар көмекке келеді. Қойылған мақсатқа, қаржыландыру көзіне байланысты инкубаторлар: фирмалық, университеттік, жекеше болуы мүмкін. Инкубаторларды қаржыландырудағы мақсаттар:

Инкубатор клиенттерінің табысына ортақтау.

— жеке тұлғалардан арендалық төлемдер алу;

— жаңа жұмыс орындарын ашу.

Сауда палаталары да инкубаторларды қаржыландыруға қатысады. АҚШ-та шағын кәсіпорындар экономикада жетекші рөл атқарады. Сондықтан да федералдық, штаттық басқару органдары шағын және орта бизнестің дамуына үлкен мән беріп отыр, оның дамуына барлық жағдай жасап жатыр.

Жапониялық шағын және орта бизнес. Шағын және орта бизнесті дамыту жөнінде Жапония мемлекеті де үлкен тәжірибеге ие болып отыр.

Жапонияға шағын бизнеске ерекше назар аударады. Себебі, шағын бизнесті дамыту арқылы жапония соғыстан қираған әлден жоғары технологиялық дамыған елге айналады. Жапонияның халық шаруашылығында шағын және орта бизнес субъектілерінің саны, жұмысшылар саны, тауар айналымы басқа секторлармен салыстырғанда алдыңғы қатарда тұр. Дәстүр бойынша әрбір ірі корпорация өз жанында бірнеше шағын кәсіпорын құрады. Бұл кәсіпорындар бас кәсіпорынға тәуелсіз болады және өздерінің ұйымдық құрылымын жасайды, жаңа өнімдерді шығара бастайды.

Жапонияда шағын кәсіпорындар үлесіне: өндірістік өнімнің 55%-ы, көтерме сауданың 60%-ы, бөлшек сауданың 80%-ы тиеді. Еркін нарықты бәсеке шағын кәсіпорындарға сыртқы ортаға бейімделуіне көмектеседі. Мұндай жағдайда мемлекеттік органдар шағын кәсіпорындарға құрал-жабдықтарды жаңртуға, технологияны жақсартуға, өнімге деген сұранысты дамытуға көмек береді. Жапонияның шағын бизнесті мемлекеттік қолдандудың басты ерекшелігі — басымды бағыттарды дамытудағы уақыт мерзімі. Басымдылық бағыттар бір немесе

одан да көп жылдарға бекітіліп, кейіннен өзгеріп тұруы мүмкін. Мемлекет шағын кәсіпорындарға мемлекеттік тапсырыстарды алуда да көмектеседі. Жапонияда шағын бизнесті мақсатты түрде бюджеттен қаржыландырады. Әрбір министрлік, ведомство өз шығындар бюджетіне шағын бизнеске жұмсалатын қаржыны кіргізеді. Шағын және орта кәсіпорынға жеңілдетілген салық мөлшермесі қолданылады. Жапонияда шағын және орта кәсіпорындар жалпы ұлттық өнімнің 73%-ына ие болып отыр [3].

Ресей Федерациясындағы шағын және орта бизнес. Экономиканы құрылымдық қайта құру үшін шағын бизнесті дамыту маңызды мәселе. Ресей Федерациясында экономиканың бұл секторын дамыту мақсатында бірқатар экономикалық шаралар жасалынып, жүзеге асырылады.

1995 жылы Ресей Федерациясында «Шағын бизнесті мемлекеттік қолдау туралы» заң қабылданды. Бұл заң бойынша жаңадан құрылған кәсіпорындар екі жылға дейін табыс салынған төлеуден босатылады. Шағын бизнесті қолдаудың Федералдық Қоры арқылы әр түрлі жобалар қаржыландырады. Бұл қорға Федералдық меншіктегі кәсіпорындарды жекешелендіруден түсетін қаржының 5%-ы келіп түседі [4]. Федералдық Қор арқылы шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру жүйесі екі қағидаға негізделген:

— Федералдық Қордан жұмсалатын әрбір рубльге аймақтардан да бір рубль жұмсалуды керек;

— қаржыландыру өкілетті банктер арқылы жүзеге асырады.

Қор банкке өз резервтік қаржысын салады, ал банк өз қаржысынан аймақтарда кәсіпкерлерді қаржыландырады.

1994—1995 жылдары «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың мемлекеттік программасы» жүзеге асырылды. Бұл бағдарламаны іске асырғаннан кейін, Ресей Федерациясында шағын кәсіпкерлікті қолдауды біркелкі жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл жүйеге: Ресей Федерациясының шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік комитеті, аймақтық қорлар мен орталықтар кіреді.

Шағын бизнесті қолдаудың аймақтық қорлары мен орталықтары барлық аймақтарда құрылған. Шағын кәсіпкерлік Федералдық және жергілікті бюджеттерден қаржылық көмек алады, жергілікті салықтар бойынша әртүрлі жеңілдіктерге ие. Сонымен бірге жергілікті бюджеттерден шағын бизнестің инфрақұрылымын құру жобалары қаржыландырады.

2015 жылдың басына есептегенде Ресей Федерациясында 900 000-нан аса шағын кәсіпорындар жұмыс істеп тұрды. Бұл кәсіпорындардың орташа жұмысшылар саны — 7 адамнан тұрды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Финк Т. А. Малый и средний бизнес: зарубежный опыт развития [Текст] / Т. А. Финк // Молодой ученый. — 2012. — № 4. — с. 177—181.
2. Малый бизнес: зарубежный опыт [Электронный ресурс], 2015 — Режим доступа: <http://www.mispsnsk.ru/articles.html?id=45>

Ұлыбританияның шағын бизнестегі тәжірибесі.

Ұлыбританияда шағын бизнес субъектілеріне: жылдық тауар айналымы 2 миллион фунт стерлингтен аспайтын, активтер сомасы 1 миллион фунт стерлингтен және жыл бойы 50 адамды жұмыспен қамтитын кәсіпорындар жатады. Ұлыбритания мемлекеттік консультациялық қызметі бастаушы кәсіпкерлерге қажетті кеңестер береді. Мысалы: коммерциялық мәселелерді қалай шешу керек екенін, бухгалтерлік есепті қалай жүргізу керектігі туралы, нарықты қалай зерттеу керек екендігі туралы кеңестер. Шағын бизнес жөніндегі Үкіметтік қызмет кәсіпкерлер үшін әртүрлі семинарлар мен курстар ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар Үкімет банктер алдында кәсіпкер үшін қарыздық кепілдеме береді. Шағын кәсіпорындар салықты табысқа жеткеннен соң ғана төлейді.

Қазақстанда шағын кәсіпорынды ашу үшін жұмсалатын күш-жігерді шет елде шағын кәсіпорын ашуға жұмсалатын уақытпен салыстыру мақсатында Франция Үкіметінің шағын кәсіпорындар үшін жасап жатқан шараларын атап өткен жөн.

Франциядағы тұрақты түрде дамып жатқан іскерлік қызметтің негізінде мемлекеттің мақсатты түрде жүргізіп жатқан саясаты жатяр. Басты назарда шағын және орта кәсіпорындар. Себебі бұл кәсіпорындар нақты экономиканың ең динамикалық агенті. Францияда шағын кәсіпорындарға — жұмысшылар саны 500-ден аспайтын кәсіпорындар жатады. Ресми дерек бойынша Францияда шағын және орта кәсіпорындарда — 16 500 000 адам жұмыспен қамтылған. Орташа есеппен бір кәсіпорында 7 адам жұмыс істеген.

Әдетте әкімшілік процедуралар шағын кәсіпорындарды құруға кедергі келтіретіні мәлім. Сондықтанда Франция Үкіметі формальды мәселелерді қысқартуға көшті. Францияда шағын және орта бизнесті экономика, қаржы, индустрия министрлігінің бір департаменті бақылайды. Әкімшілік қысым бірқатар әкімшілік, әлеуметтік процедураларды оңтайландыру арқасында азайды.

Францияда шағын бизнесті несиелеу кезінде пайыздық өсімді мемлекет бонификациялайды. Бонификация — бұл жеңілдету. Қаржылық механизм арқылы мемлекет шағын бизнеске несие ұсынысын арттырды.

Сонымен қорытындылайтын болсақ, шетел елдерде нарықтық экономикасымен қоса кәсіпорын және фирмалардың жоспары маңызды роль атқарады. Біздің ойымызша республикадағы қазіргі жағдайда шетелдік өндіріс сфераларын жеңілдікпен несиелеу және осы несиелердің тиімді пайдалануға бағытталған мемлекеттік бақылау функцияларын күшейту тәжірибесін қолданған жөн.

3. Кунин В. А., Александрова Е. А. Анализ зарубежного опыта поддержки малого предпринимательства // Российское предпринимательство. 2014. № 1 Вып. 2 (176). С.36–43.
4. Абдимомынова А. Ш., Жақсығұлова Р. А. Малый инновационный бизнес в Республике Казахстан. Россия и Казахстан: опыт научно-экономического сотрудничества, перспективы интеграции. Сборник статей международной научно-практической конференции. ФБГОУ ВПО Ставропольский государственный аграрный университет; Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата. 2015. с. 10–15.

Мемлекеттік — жеке серіктестіктің экономикалық мәні және қажеттілігі

Умирзакова Меруерт Абдуалиевна, экономика ғылымдарының кандидаты

Алдабергенова Назжаннур Ерқожақызы, студент

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазіргі заманауи қиын экономикалық жағдайда мемлекеттік-жеке серіктестік мемлекет пен бизнес арасындағы ең тиімді серіктестік түрі, себебі дағдарыс жағдайында мемлекет тарапынан сұраныстың тұрақтылығы несиелік мекемелердің сенімділігін нығайтып және инвестиция тәуекелін азайтатын маңызды құрал [1, 5].

Мемлекеттік-жеке серіктестікті оның қатысушыларының арасында тәуекелдер мен пайданы тепе-тең және әділ бөлу, сондай-ақ мемлекет тарапынан бақылау жағдайында мемлекеттік сектор жауапкершілігі саласында дәстүрлі жататын қызметті көрсету үшін жауапкершілікті жеке меншік сектор субъектілеріне толық немесе бөлшектеп тапсыруды қарастыратын мемлекеттік және жеке меншік секторлардың өзара байланыс жасау нысаны ретінде белгілеуге болады.

Мемлекеттік-жеке серіктестік нысанына байланысты жеке меншік сектор сол немесе басқа қызметтерді, тәуекелдер түрлері мен жауапкершілікті өзіне қабылдайды. Жеке меншік секторға қатысу дәрежесі қаншалықты жоғары болса, қабылданатын тәуекелдің, жауапкершіліктің, міндеттемелердің деңгейі соншалықты жоғары, жасалған мемлекеттік-жеке серіктестік келісімшарттар мерзімі соншалықты ұзақ.

Осы қарама-қайшылық мемлекеттің ұсынылатын инфрақұрылымдық және әлеуметтік қызметтердің көлемінің өсуіне және жақсаруына қызығушылық танытумен, ал кәсіпкерлік құрылымдар жобадан түсетін табысты тұрақты алып тұруға және пайданың тұрақты өсіміне қызығушылық танытады. Тараптардың мүддесінің ортақтылығы жобаны толығымен жемісті жүзеге асырумен қорытындыланады.

Мемлекеттік-жеке серіктестік жобасын жүзеге асыру жетістігіне тараптардың ерекше мүмкіндіктерін біріктіру болып табылады. Кәсіпкерлік құрылым жобаны қаржылық ресурстармен, жаңашыл технологиямен қамтамасыз етеді, кәсіби тәжірибені, тиімді басқару дағдысын, оның ішінде шешім қабылдаудағы икемділік пен жеделділікті пайдаланады.

Мемлекет өз кезегінде меншік иесінің құқықтарын іске асыра отырып, халықтық және өзге де жеңілдіктерді, кеп-

ілдіктерді пайдалану, сондай-ақ қаржылық ресурстардың кейбір көлемін алу мүмкіндігін береді.

Осындай тәсілмен мемлекеттік-жеке серіктестік құру мемлекетке шаруашылық жүргізудің заманауи тиімді әдістерін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік береді, өйткені басқару функциялары кәсіпкерлік құрылымға өтеді, бірақ бұл жағдайда қадағалау және бақылау құқығы сақталады.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2010 жылғы халыққа арнаған Жолдауында мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетігі мемлекет экономикасына жеке инвестицияларды тартуда үлкен әлеует екенін атап көрсетті. Жалпы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік (МЖС) экономикалық өсімді ынталандыру және жекеменшік сектордың экономикаға қатысуын кеңейту әдісі болып саналады [2].

Мемлекет пен бизнес тиісті құқығына сай ресурстар мен мүдделерді бөліскенде мемлекеттік-жеке серіктестік саласында тәуекелдер көбеюде. Мемлекет қоғамдық мүдде мен мақсатты тасушы ретінде, ал бизнес қатысушы ретінде барынша көп табыс табуға бағыт алады. Сол себептен, мемлекет пен жеке серіктес арасында қоғамдық және жеке мүдде мен мақсат аясында тәуекелдер туындайды. Мемлекеттік-жеке серіктестікті оның қатысушыларының арасында тәуекелдер мен пайданы тепе-тең және әділ бөлу, сондай-ақ мемлекет тарапынан бақылау жағдайында мемлекеттік сектор жауапкершілігі саласына дәстүрлі жататын қызметті көрсету үшін жауапкершілікті жеке меншік сектор субъектілеріне толық немесе бөлшектеп тапсыруды қарастыратын мемлекеттік және жеке меншік секторлардың өзара байланыс жасау нысаны ретінде белгілеуге болады.

Мемлекет өз кезегінде меншік иесінің құқықтарын іске асыра отырып, халықтық және өзге де жеңілдіктерді, кепілдіктерді пайдалану, сондай-ақ қаржылық ресурстардың кейбір көлемін алу мүмкіндігін береді.

Осындай тәсілмен мемлекеттік-жеке серіктестік құру мемлекетке шаруашылық жүргізудің заманауи тиімді әдістерін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік береді, өйткені басқару функциялары кәсіпкерлік құрылымға өтеді,

бірақ бұл жағдайда қадағалау және бақылау құқығы сақталады. Компания өз кезегінде кәсіпкерлік тәуекелдерді төмендетіп, мемлекеттік ресурстар мен кепілдіктерге қолжетімділік береді.

МЖС жобаларын енгізу халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылата отырып, мемлекеттік инфрақұрылымның объектілерін дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, мұндай серіктестік қатысушылар алдында біршама тәуекелдерді туындатады. Сондай-ақ, қаржы пайдасының жартысы мемлекеттік сектордан тәуекелді жеке компанияға өткізумен байланысты мемлекеттік инфрақұрылым объектілерін жеке қаржыландырудан пайда болады.

МЖС маңызды аспектісі ұлттық жобалар мен әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары аясында үкімет пен корпорациялар арасында келісім-шарт жасасу болып табылады. Егер олар қоғамдық жұмыстарды орындайтын болса, осы келісім-шарт шеңберінде жеке фирмалар 25 жылға дейін өтеу мерзімімен қолайлы шарттармен несие алуларына болады. Олардың шаруашылық қызметінің құрылымдау және жаңғырту процесін ынталандыратындай, бұл қарыздар, негізгі капиталға 65% дейін инвестицияларды жабуға болады.

Мемлекеттік-жеке серіктестік үкімет пен бизнес және қоғам үшін де оң нәтижелерге алып келерін әлемдік тәжірибе көрсетеді (1-кесте).

Осылайша, мемлекеттік-жеке серіктестіктің негізінде қоғамның кең ауқымды мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін үкіметтің және жеке сектордың барлық деңгейлері арасында тиімді ынтымақтастық жүйесі жатыр.

АҚШ-та билік органдары мен жеке сектордың ынтымақтастығы муниципалдық деңгейде кеңінен таралған. Мемлекеттік-жеке серіктестік жөніндегі Ұлттық кеңестің (National Council for Public-Private Partnership) мәліметі бойынша, жергілікті биліктің негізгі 65 іс-әрекетінің ішінде (су құбырлары, канализация, қоқыс жинау, мектептер, паркінгтерге қызмет көрсету және т.б.) 23 өнімділігін орташа қалалық коммерциялық фирмалар қолданады [3, 377–384 бет].

Қазіргі таңда экономиканы тиімді басқару шарты болып, мемлекет пен бизнестік конструкциялық өзара іс-әрекеті табылады. Осы өзара іс-әрекеттің ерекшелігі болып, әр елдегі нарықтық қатынастың арнайы маңыздылығымен байланысты әдістері мен нақты формалары ажыратылуы мүмкін.

Кесте 1. Мемлекеттік-жеке серіктестіктің тиімділігі

Қоғамға пайдасы	Мемлекет үшін тартымдылығы	Бизнес үшін тартымдылығы
<ul style="list-style-type: none"> — Басым инвестициялық және инновациялық жобаларды жүзеге асыруды жеделдету; — Мемлекеттік шығыстардың қысқаруы және инфрақұрылымның объектілеріне техникалық қызмет көрсету үшін бағаны төмендету; — Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттыру; — Кәсіби шеберлігін арттыру және әлеуметтік жобаларды іске асыру мақсатында тиімді мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету; — Қазіргі заманғы, жоғары технологиялық инфрақұрылымды дамыту; — Өндірістік және көліктік инфрақұрылымды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды жетілдіру; — Тауарлар мен қызметтер сапасын арттыру; — Қоғам мен жаңа жұмыс орындарын құру мүдделерін қорғау; — Қоғамның әл-ауқатын арттыру. 	<ul style="list-style-type: none"> -Дамудың (Инфрақұрылымның, энергетиканың дамыту болмауына және т.б.) жүйелік проблемаларын шешу; — Жеке қаражат тарту арқылы бюджет шығыстарының азаюы; — Жұмыстар мен қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыру; — Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден түскен табыстардың артуына; — Инвестициялар мен инновацияларды арттыру; — Тарифтерді төмендету, бәсекелестік деңгейін арттыру — әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға; — Серіктестермен оларды жылжыту үшін тәуекелдерді бөлісу мүмкіндігі; — Бизнес пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сындарлы дамыту; — Жеке және қоғамдық инвесторлардың мүдделерін оңтайлы ұштастыру; — Мемлекеттік меншік және қаржы ресурстарын құру, жетілдіру және тиімді пайдалану; — Нарықтағы әкімшілік ықпал ету тетіктерін жетілдіру, инвестицияларды тарту. 	<ul style="list-style-type: none"> — Дәстүрлі мемлекеттік салаға қол жеткізу; — Салық және басқа да жеңілдіктер түрінде жобаларды ілгерілету, тікелей мемлекеттік қолдау және көмек көрсету; — Бюрократиялық қызыл таспаны жеңуге мүмкіндігі; — Мемлекеттік тапсырыстар алу; — Қанағаттандыратын кепілдік бойынша ұзақ мерзімді инвестициялық орналасу мүмкіндігі; — Мемлекетпен шығындар мен тәуекелдермен бөлісу; — Инвестициялық тәуекелдерді азайту; — Жеке инвестициялардың белгілі бір кепілдіктерін жасауда мемлекеттің мүдделерінің бірлігі; — Капиталды біріктіру арқылы инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту.
Ескерту — [3] әдебиет негізінде автордың құрастыруы		

Мемлекеттік-жеке серіктестік айналасында ерекшелігіне байланысты серіктестіктердің көптеген түрлерінің нақты тапсырмалары жеке модельдерге бөлінеді. МЖС мақсатына сәйкес кооперация, қаржыландыру моделі және ұйымдастырушылық моделі деп бөлінеді [4, 3 бет].

Ұйымдастырушылық модельге қазіргі таңда МЖС-ң кең тараған бір түрі — концессия жатады. Концессия, Муниципалитет немесе мемлекетке жататын шаруашылық объектілер, кәсіпорын немесе табиғи байлықтарды нақты бір жағдайда эксплуатацияға беру келісім-шартын айтады. Капиталистік елдерде концессионер болып, жоғары табыс алу үшін қолданылатын ірі монополияларды айтады. Қаржыландыру моделіне біріктірілген жобалық қаржыландыру, лизингтің барлық түрлері, жалға беру, коммерциялық жалға беру жатады [5, 2 бет].

Қазіргі уақытта Қазақстанда концессия механизмдерін қолдана отыра МЖС жобаларын жүзеге асыру практикасы қолданылуда.

Халықаралық тәжірибе негізінде МЖС жобаларын тиімді жүзеге асырудың келесі факторларын ерекшелеуге болады:

— мемлекет үшін инфрақұрылым нысанының құрылысы емес, көлем мен қызмет сапасы басым бағытта болады;

— жоспарлау, құрылыс салу, инфрақұрылымды пайдалану саласындағы жеке сектордың біліктілігі мен тәжірибесі қызмет көрсету, көлем және сапа үшін пайдаланылады, ол мемлекетпен анықталады;

— жеке сектордың шығындарын орнына толтыру оның жұмыс сапасына байланысты.

Халықаралық практикада МЖС негізгі екі түрі ажыратылып көрсетіледі институционалды және келісім-шартты. ЕБ Жасыл кітабы бойынша МЖС жобаға қатысушылар арасындағы келісім-шарттық қарым-қатынасқа негізделген серіктестікке жатады. Институционалды МЖС мақсаты мемлекет пайдаасына жұмыс пен қыметтерді көрсету болып табылатын, мемлекет пен жеке сектордың қатысуымен бірлескен кәсіпорын құру деп жоспарланады [6].

Мемлекеттік — жеке серіктестікті түрлі формада дамыту — қазіргі заманғы нарықтық экономикадағы әлеуметтік — экономикалық бағытты күшейту процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Дәл осы әлеуметтік серіктестік шарттары нарықтың қатал шындығына арналған қоғамдық амортизатор ретінде қарастырылады. Өйткені ол экономикалық тиімділік талаптары пен әлеуметтік әділеттілік мүдделерін ұштастырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Матаев Т.М. Риски в сфере государственно-частного партнерства: Монография / — М.: МАКС Пресс, 2014. — с. 5.
2. «Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
3. Балашов С. Опыт функционирования ГЧП в развитых странах // Вестник ИЭ РАН. — 2009. — № 4. — с. 377–384
4. Мемлекеттік — жеке серіктестіктердің әлемдік тәжірибесін қолдану. — Рұқсат тәртібі: <http://www.g-k-h.ru/directory/articles/736086/>, 3 бет
5. 2009–2015 жылдардығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жеке серіктестіктерінің даму концепциясы (проект). — Астана, 2008, 2 бет
6. Панкратов А.А. Государственное частное партнерство в современной практике: основные теоритические и практические проблемы / А. А. Панкратов. — М.: Изд-во «Анкил», 2010

Жастар арасында девиантты мінез-құлықтың қалыптасу ерекшеліктері және оны алдын-алу шаралары

Шайхисламова Гүльсара Шайхисламовна, экономика магистрі

Кудабай Салтанат, студент

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Молодежь основополагающее звено будущего. В этой связи на государственном уровне каждому члену общества сделано все условия для полноценного развития. И все таки сейчас волнует появление социальной проблемы среди молодежи- это поведение, действие не соответствующие требуемым нормам общества, девиантность. В данное время важно горманично организовать профилактические меры по этапно и провести пропаганду через средств массовой информации о молодежной активности движения.

В статье дана классификация влияющих факторов в формировании девиантного поведения среди молодежи, а также рассмотрены методы и технологии по возрастным категориям. Это значимая проблема в об-

ществе, которая предлагает пути полноценного внедрения национальной ценности через государственную молодежную политику.

Ключевые слова: поведение, активность, диагностика, профилактика, семья, доверия.

Қазіргі таңда еліміз әлемдік аренада беделі бар мемлекет ретінде танылып отырғаны айқын. Ақпараттар ағыны толыққан уақытта қоғамда қалыптасатын күрделі әлеуметтік мәселелерге тосқауыл қоюға, қоғамның ілгері жылжуын, дамуын рухани, ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы әлеуметтік жұмыстың бағыттарын жүргізу стратегиялық маңызды міндет. Осы тұрғыда мемлекеттік деңгейде қоғамның әрбір мүшесінің әлеуметтік толыққанды өсіп дамуына жағдай жасалған. Оның ішінде қоғамның аса солқылдақ бөлігі жастардың қоғамдағы орны мен ролін, өмірлік мақсаттарын айқындауға мүмкіндік бар.

Дегенмен де әлі де болса жастар арасында әлеуметтік маңызды мәселе бұл қоғамға жат қылықтар, әрекеттер, мінез-құлықтардың қалыптасып отыруы алаңдатады. Жастар болашақтың негізін салушы. Олардың бейтарап көңіл күйі, бойкүйездік, жалқаулық, тағы сол сияқты жаман қылықтардан арылуына, қоғамдағы жастар белсенділігі арқылы ілгерілеу үдерісін жаппай ақпараттандыру және оның алдын алу жолдарының жүйесі мен сауықтыру шараларының кезеңділігімен үйлесімді жүруі қажет.

Алдымен осы мінез-құлық ауытқушылығы туралы ғылым саласы туралы айтатын болсақ, девианттылық мінез-құлық (ауытқушылық) (латын тілінен *deviatio* — ауытқу) арнайы әдебиеттерде екі мағынада айтылады. Біріншіден, қоғамдағы ресми бекітілген нормаларға (сте-

реотип, үлгілер) адамның қызметі немесе әрекетінің сәйкес келмеуі. Жеке мінез-құлық актысы тұрғысында девиантты мінез-құлық психология, педагогика және психиатрия ғылымымен байланыстыра оқып, зерттеледі. Екіншіден, адам қызмет ететін қоғамдағы ресми бекітілген немесе нақты қалыптасқан нормаларға сәйкес емес тарихи қалыптасқан әлеуметтік құбылыс. Бұл жағдайда девиантты мінез-құлық әлеуметтану, философия, саясаттану, заң және басқа ғылымдармен, сонымен қатар әлеуметтік жұмыспен байланысты. Девиацияның нысанға айналу механизмі қоғамда қалыптасқан тәртіптік ережелердің өзгерісіне байланысты құбылыс ретінде сипат алды. Бұл санатқа девианттық мінез-құлықтағы балалар мен жасөспірімдер; зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар; денсаулығы мен дамуына қауіп төнетін жағдайға душар болғандар; арнайы оқыту және түзеу мекемелерінде бас бостандығынан айыру орындарында болған адамдар; алкоголь ішімдіктерін, наша қолданатын отбасы мүшелері жатады. [1, 16 б]

Девианттылық мінез-құлық әр түрлі формада көрінуіне әсер етуші факторлар бірнеше. (Кесте 1)

Қазақстан Республикасының Жастар саясаты туралы заңында «Жастар-Қазақстан Республикасының он төрт жастаң жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары» деп көрсетілген. Осы жас аралығындағы топтың девиациялық мінез-құлқының қалыптасуы әлеуметтік проблемалармен де байланысты. Ол жалпы қоғамдағы әлеуметтік-эконо-

Кесте 1. Девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ету факторларының жіктелуі

№	Девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етуші факторлар	Сипаттамасы
1	Қоғам	әлеуметтік теңсіздік, дағдарыстық кезең, қоғамдағы әлеуметтік институттардың әрекеттілігі, қоғамдағы демократиялық жаңаруды еркін сезіну, қоғамның жедел ақпараттануы және БАҚ жағымсыз тұстары, қоғамдық құқықтық қорғаудың жетімсіздігі
2	Экономикалық	материалдық қамтамасыз етілмегендік, ауданның өндірістік жағдайы, есірткі өндіретін аумақтарда қолданудың дәстүрлілігі, отбасы мүшелерінің материалдық жағдайының төмен деңгейі және олардың білімі, экономикалық қолайсыздық, адамның тез арада кедейленуі
3	Әлеуметтік	моралды-этикалық деградация, құндылықтардың құлдырауы, кинофильм, теледидар хабарларында алкогольдің жарияланып көрініс алуы, тұрғын үйдің болмауы, жұмыссыздық, адамның кез-келген ситуацияда белсенділік қабілетінің төмендеуі, жұмыс орнын жоғалтуы, құқығының бұзылуы
4	Қоршаған орта	отбасы, мектеп, көше, формалды емес топтардың қысымы, қолайсыз жағдайлар, жақын қоршаған ортаның кері әсері, тәрбиенің жетімсіздігі, қатарластарының өнегесі, көрсеқы-зарлық, бұзақылық, қызғаныш, тұрмыстық жағдай, еңбекке тәрбиелеу, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың тұйықталуы, бақытсыз махаббат, келеңсіздіктер
5	физиологиялық	тұқым қуалаушылық (психофизикалық, әлеуметтік, социомәдениеттілік); психиканың бұзылуы, жеткіншектердің есеюге деген ынтызарлығы

микалық проблемалардың көрінісі мен жалғасы болып табылады. Жастардың әлеуметтік проблемалары — бұл қоғамның өмір тіршілігі (білім, еңбек, бос уақыт және т.б.) үшін және де, жастар үшін де өмірлік маңызды, халықтың ерекше әлеуметтік — демографиялық тобының спецификалық (өзіне тән) проблемалары қоғам мен мемлекет тарапынан нақты саясатты талап ететін шешімдер қарастырылады. [3]

Жастар арасындағы әлеуметтік жұмыс табыстылығының маңызды шарты болып, жастардың әлеуметтік проблемаларының туындау «деңгейін» анықтау табылады. Жастарды негізінен келесі проблемалар қатты ойландырады: жоғары немесе орта білім ала алмау; өз отбасын материалдық жағынан қамсыздандыру қиындықтары; өз мамандығы бойынша жұмысқа қамтылу мәселесі; баспананың болмауы. Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай дәл осы қиын шешілетін мәселелер жиынтығы отбасы ішілік келіспеушіліктердің пайда болуына, олардың тұрақсыздығына алып келеді. Мамандардың пікірінше қазіргі таңда жасөспірімдердің мінез-құлқының ауытқуына себепкер орта отбасы жағдайы екендігін алға тартады Әсіресе 14–17 жас жасөспірімдердің девиациялық мінез-құлқының қалыптасуына отбасындағы әлеуметтік мәселе жұмыссыздық, қаражат жетіспеушілігі, отбасында ата-анасының ажырасуы, өгей әке, өгей шеше, физиологиялық даму ерекшелігіне байланысты барлық жаңа нәрсеге қызығу, тандану, оны байқап көру сияқты мәселелер әсер етеді. Осыдан келіп, отбасы мүшелері арасында түсініспеушілік қалыптасып, жасөспірім өзінің пікірін тыңдайтын ортаны іздейді. Егер жасөспірім толыққанды отбасында, мейірім мен сүйіспеншілікке бөленіп өсетін болса, мінез-құлықта ауытқушылық туындамайды. Ол ата-анасының жеткен жетістігін өзіне үлгі ретінде ұстанып, еңбекке, өмірге көзқарасы толыққанды қалыптасады. Отбасы тәрбиесінде баланы еңбекке баулу, адал еңбек етіп, табыс табуды ұғындыру маңызды.

Келеңсіз ортаның құрығына түспеуі үшін кез-келген жасөспірім сенім телефондары арқылы тегін, тәуліктің кез-келген уақытында өз ойын еркін айтуына болады. Осы тұрғыда әлеуметтік педагог, мектеп психологы отбасымен тікелей байланыса отырып, әлеуметтік қызмет атқаруы тиіс және осы жас аралығындағы жеткіншектердің толыққанды мінез-құлқының жөнделуіне де отбасы және оның мүшелерінің бір-біріне сыйластығы, ауызбіршілігі жақсы әсерін береді. Әлеуметтік педагог немесе мектеп психологы мектеп ішілік тәрбиелік маңызы бар іс шаралармен қоса сауалнама арқылы жасөспірімдердің мінез-құлық темпераментін анықтап, соның нәтижесі арқылы қызу, шапшаң мінезді жасөспірімді жиі қадағалау, оның ішінде қоғамдық жұмысқа, еңбекке, жауапкершілікті сезінетін тапсырмаларға араластыру, сыныпта оған тәрбиелік маңызы бар тапсырмалар беру арқылы ол тұлғаның бойында салмақты мінез, ашуды жеңу, сабырлылық қалыптастыру сияқты жұмыстар кезең-кезең бойынша атқарылуы тиіс. Бұл әлеуметтік педагогтың осы жұмыстардағы әдісті қолдану шеберлі-

гіне байланысты. Жасөспірім кезеңде отбасымен бірге мінез-құлықтағы ауытқушылықтың алдын алушы бірден-бір ұйым-мектеп. Осы жас аралығында жасөспірімдердің бойындағы жағымсыз қылықтарды болдырмау үшін мектеп инспекторы да балалардың сабақтан тыс уақытын қадағалау және алдын-алу шараларын жасайды. Қазіргі таңда мектеп пен ата-ана арасында байланыс алшақтап бара жатқан секілді.

Тәрбие процесін басқару өте қиын, ол еш уақытта бір қалыпты жағдайда өтпейді. Белгіленген мақсаттан ауытқып кетушілік болады. Осының нәтижесінде тәрбиесі қиын балаларды байқауға болады. Тәрбиесі қиын балалар тобының қалыптасуы баланың дамуында адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеуде ата-ана тарапынан ағаттық, педагогикалық қателіктер жіберілу салдарынан туындайды. Әлеуметтік педагог осы қателікті жөндеуге қабілеті жоғары болуы шарт. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдермен әлеуметтік жұмыста басты кезеңдер болып мәселенің алдын-алу яғни диагностикалау кезеңі және әлеуметтік ортаға бейімдеу кезеңі. Осы кезеңдерде мақсатты бағытталған бағдарламаға мектеп психологы, әлеуметтік қызметкер, ата-ана, отбасы бірігіп қатысу арқылы кешенді іс шаралар атқарылады. [2, 256]

Елбасы Н. Назарбаев өзінің 2015 жылғы жолдауында орта кәсіптік техникалық білімнің мемлекеттік тапсырыс негізінде тегін оқыту жүйесі қалыптасатынын баса айтқан еді. Бұл дегеніміз орта мектеп оқушысының орта кәсіптік мамандықты меңгеруіне дуалды оқыту жүйесі арқылы өндірісте мамандығы бойынша жұмыспен қамтылуына мүмкіндігі болады. Осы орайда мемлекеттік деңгейде еңбек кодексіне өзгерістер енгеннен кейін жас маман, яғни 29 жасқа дейінгі жастардың мамандығы бойынша жұмысқа қабылдануына мүмкіндіктер ашылады. Жас отбасы бұлар ерлі-зайыптылардың екеуі де 29 жасқа толмаған не баланы (балаларды) жиырма тоғыз жасқа толмаған ата-ананың біреуі тәрбиелейтін толық емес отбасы. Олардың баспанамен қамтамасыз етілу мәселесі күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Егер екеуі де балалар үйінде тәрбиеленген жастар болса, мемлекет баспанамен қамтамасыз етеді. Жас отбасылардың баспаналы болуына мемлекеттік үй кезегіне тұру арқылы және ата-аналары мен отбасы мүшелерінің қолдауы арқылы шешімін табуы қалыптасқан.

Ең алдымен әлеуметтік қызметкерлер мынадай екі мәселеге назарларын аудару керек: жасөспірімдердің отбасылық жағдайы және орта мектеп түлектерін жұмыспен қамту.

Әлеуметтік жұмыстың ғылым ретінде маңызды мәселелерінің бірі — көрсетілген объектілердің әлеуметтік мәселелерін шешудің тиімді әдістері мен технологияларын өңдеу және де әлеуметтік жұмыстың бар әдістері мен формаларын талдау болып табылады. Әлеуметтік жұмыстың девианттық мінез-құлықтағы адамдарға қолданылатын спецификасын есепке ала отырып оны ұйымдастыру үшін міндетті түрде әлеуметтік басқарудың мәнін, механизмін және негізгі компоненттерін анықтап алу қажет. Девиантты мінез-құлықтағы жастарға *әлеуметтік қызмет*

көрсету — әлеуметтік қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік, муниципалдық, жеке меншік және басқада органдардың, мекемелердің, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдар жүйесі арқылы жүзеге асады. Онда әлеуметтік қызметкерлер және жеке мамандардың әлеуметтік қолдау көрсету, әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік құқықтық қызмет, қиын өмір жағдайдағы азаматтардың

әлеуметтік бейімделуімен оңалтуларын жүзеге асыру қызметі атқарылады. Мемлекеттің ұлт жоспарына сәйкес қазіргі таңда жастармен әлеуметтік жұмысты дұрыс қолға алу бағыты бұл қоғамдағы идеологияның, ұлттар арасындағы татулық, сенімділік, толеранттылық, ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы жастар санасында ұлттық рух пен сананы қалыптастыру және жастардың қоғамдағы белсенділігін арттыру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Акажанова А. Т. Девиантология. — Алматы, 2008
2. Технологии социальной работы: Учебник под общ. ред. проф. Е. И. Холостовой. — М.: ИНФРА-М, 2001. — 400 с.
3. Қазақстан Республикасының Жастар саясаты туралы Заңы, 09.02.2015.

СЕКЦИЯ 2. ПЕРСПЕКТИВЫ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ РЕГИОНА

Модель взаимодействия элементов национальной инновационной системы на региональном уровне

Абдимомынова Алма Шакирбековна, кандидат экономических наук, доцент
Казбайкызы Айнур, кандидат экономических наук
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

Процессы глобализации побуждают страны проводить активную политику формирования новой технологической структуры развития своей экономики. В этой связи создание конкурентоспособной экономики, основанной на активизации инновационной деятельности во всех ее отраслях, является для Казахстана одной из самых приоритетных задач. Формирование и внедрение технологических инноваций в долгосрочной перспективе является основой увеличения эффективности экономики и повышения уровня жизни населения.

Обеспечение устойчивости социально-экономического развития за счет диверсификации экономики, массового перехода к более высокому технологическому укладу, ускорению ввода инноваций в реальную экономику является одним из приоритетных направлений Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2020 года [1]. В связи с этим, в Стратегическом плане выделен ряд направлений инновационно-индустриального развития, по которым будут реализованы инновационные и инвестиционные проекты в различных регионах:

1) развитие традиционных отраслей, таких как горно-металлургический комплекс, нефтегазовый сектор, химическая и атомная промышленность, с последующим переходом данных отраслей на выпуск продукции более высоких переделов;

2) развитие секторов, спрос на которые формируют недропользователи, национальные компании и государство: строительная индустрия, машиностроение, фармацевтика, оборонная промышленность;

3) развитие производств в несырьевых секторах, ориентированных на экспорт: агропромышленный комплекс, туристическая отрасль;

4) развитие высокотехнологичных отраслей, которые будут играть ключевую роль в мировой экономике в последующие десятилетия: биотехнологии, информационные и коммуникационные технологии, альтернативная энергетика.

Несмотря на рост числа инвестиционных проектов в отраслях экономики, а также увеличение финансирования, Карта индустриализации в 2010–2014 годах не стала эффективным инструментом реализации инновационных проектов по следующим причинам:

– наибольшее число проектов реализовано в традиционных отраслях, таких как АПК (26,2%), а также строительная индустрия (15,4%) и горно-металлургический комплекс (15,2%);

– в основном, реализованные проекты представляют собой трансферт технологий, созданных за рубежом, и их адаптацию к условиям Казахстана;

– большая часть производимой продукции ориентирована на местные рынки, так как обладает низким уровнем новизны [2].

Развитие несырьевых секторов экономики и успешное внедрение отечественных разработок требуют от страны придерживаться в ряде отраслей стратегии «наращивания» (опережающего развития). Данная стратегия характерна для таких стран, как США, Германия, Франция, Великобритания. Эти страны ориентированы на создание наиболее совершенных по технологии производств, базирующихся на собственных фундаментальных и прикладных исследованиях практически во всех ведущих областях высоких технологий. При этом акцент делается на все этапы жизненного цикла инноваций. Но реализация данной стратегии требует от страны создания эффективной инновационной и финансовой инфраструктуры на национальном и региональном уровнях.

В основе выбора той или иной стратегии модернизации лежит определение существующих и потенциальных сравнительных преимуществ страны в международном масштабе. Применение мер государственной политики в традиционных отраслях позволяет обеспечить максимальный эффект от использования имеющихся сравнительных преимуществ:

– в нефтяных регионах (Атырауская, Мангистауская, Западно-Казахстанская, Актюбинская, Кызылординская области) развитие транспортной и социальной инфраструктуры, которое будет направлено на повышение качества жизни и создаст через механизмы рыночного спроса импульсы развития для других отраслей этих регионов;

– в районах с развитой металлургией (Карагандинская, Костанайская, Павлодарская, Восточно-Казахстанская области) развитие технологического уровня производственных мощностей, внедрение на предприятиях «зеленых» технологий (экологическая модернизация производства);

– в регионах северного Казахстана с развитым агропромышленным комплексом стимулирование формирования крупных сельскохозяйственных компаний, а также эффективных фермерских хозяйств, развитие инфраструктуры зернового экспорта;

– в регионах южного Казахстана с развитым сельским хозяйством, развитие механизмов кредитования, кооперации производителей с целью снижения издержек на основные операции.

Таким образом, развитие НИС напрямую зависит от эффективности инновационной деятельности на региональном уровне.

В соответствии с Программой развития науки, инноваций и содействия технологической модернизации на 2010–2014 годы в Казахстане были созданы региональные венчурные фонды (РВФ), которые формируются на принципах частно-государственного партнерства. Объектами инвестиционной поддержки должны являться частные предприниматели, действующие в отраслях, являющихся приоритетными для каждого региона, при этом предпочтение отдается бизнес проектам, которые только начинают стадию реализации.

Внедрение инновационных разработок в производство сопряжено с большими финансовыми вложениями, поэтому для малых и средних предприятий привлечение заемных средств является наиболее актуальной задачей.

Использование механизма банковского кредитования часто ограничено отсутствием у МСБ достаточного залога, а также отсутствием возможности использовать в качестве залога имеющуюся интеллектуальную собственность.

Таким образом, для финансирования инновационных малых и средних предприятий необходимо формирование механизма беззалогового предоставления финансовых средств, который может быть реализован в рамках создания региональных венчурных фондов.

Венчурный фонд осуществляет финансирование в виде инвестиций, которые направляются в акционерный капитал, либо в виде инвестиционного кредита, предоставляемый на длительный срок, без залога и под более низкие процентные ставки, чем банковский кредит [3].

Региональный венчурный фонд может быть образован в форме акционерного общества, товарищества с ограниченной ответственностью либо некоммерческой органи-

зации. На наш взгляд, наиболее подходящей организационно-правовой формой регионального венчурного фонда является акционерное общество, т.к. эта форма является наиболее привлекательной для частных инвесторов (учредителей) фонда и позволяет реализовать рыночные механизмы венчурного инвестирования приоритетных инновационных проектов региона. Предлагаемый механизм функционирования регионального венчурного фонда представлен на рисунке 1.

В качестве учредителей фонда могут выступать государственные институты развития и местные органы государственного управления с привлечением частных инвесторов. Управление фондом осуществляет Совет директоров, который определяет основные направления работы фонда, порядок распределения прибыли между его участниками.

По нашему мнению, вклад в уставный капитал регионального венчурного фонда не должен ограничиваться лишь финансированием из республиканского бюджета, необходимо задействовать и бюджет региона. Таким образом, местные органы управления могли бы напрямую участвовать в управлении венчурного фонда, осуществлять отбор проектов, являющихся приоритетными для предприятий данного региона. При этом доход с вложенных средств должны получать только частные инвесторы, доля прибыли институтов развития и местных органов управления рефинансируется.

Фонд проводит комплексную экспертизу поступающих проектов, которая может быть как внутренней, так и внешней с привлечением сторонних специалистов. Комплексная экспертиза включает в себя научно-технический, финансово-экономический и юридический аспекты и проводится в отношении тех заявок на финансирование, которые отвечают требованиям Правил фонда.

По результатам комплексной экспертизы проводится конкурсный отбор поступивших инновационных проектов. Предпочтение должно отдаваться тем инновационным проектам, которые являются востребованными в данном регионе.

Преимуществом венчурного фонда для МСБ по сравнению с другими механизмами поддержки инновационных проектов (например, с фондами прямого инвестирования), является возможность получения финансирования проекта на ранней стадии, что способствует его интенсивному развитию в короткие сроки. Для инвестора финансирование через венчурный фонд также обладает рядом преимуществ. Во-первых, отпадает необходимость самостоятельного поиска перспективных инновационных проектов. Во-вторых, частный инвестор на начальных этапах инвестирования может вложить строго определенную сумму и, в случае успешного развития проекта, увеличить финансирование, тем самым сократив свой предпринимательский риск.

Для местных органов государственного управления преимуществом является финансирование инвестиционных проектов в научно-технической сфере для реализации их малыми предприятиями на территории региона.




Рис. 1. Механизм функционирования регионального венчурного фонда

Примечание — составлено автором

Возможность участия представителей местных органов государственного управления (акиматов) в формировании регионального венчурного фонда в настоящее время реализована в законе РК «О государственной поддержке индустриально-инновационной деятельности» от 9 января 2012 года [4].

Тем не менее, для дальнейшего эффективного развития венчурной формы финансирования инновационных проектов, необходимо внесение изменений в законо-

дательные акты республики, касающиеся развития инвестиционной и инновационной деятельности. Должны быть расширены возможности местных органов управления в отношении участия в венчурных фондах в качестве учредителя и/или инвестора, вхождения их представителей в совет директоров фонда. Дополнения к закону должны касаться и регулирования финансовых потоков фонда, порядка распределения полученной фондом прибыли с учетом интересов всех участников.

Литература:

1. Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2020 года. Астана, 2013 г.
2. Государственная программа форсированного индустриально-инновационного развития Казахстана на 2010–2014 гг. Астана, 2010.
3. Абдимомынова, А. Ш., Берикболова У. Д. Формирование и развитие венчурной индустрии в Казахстане. Международный журнал экспериментального образования. 2015. № 2–3. с. 438–440.
4. Закон Республики Казахстан «О государственной поддержке индустриально-инновационной деятельности» от 9 января 2012 года.

Жергілікті өзін-өзі басқару құрылымының «қазақстандық» үлгісін жетілдіру бойынша ұсынымдар

Бекетова Камар Назарбековна, кандидат экономических наук
Мухтарова Акмарал, магистрант
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

*В статье даны рекомендации по совершенствованию «казахстанской» модели местного самоуправления.
Ключевые слова: местное самоуправление, модель управления, функции государства.*

Ел дамуының қазіргі кезеңінде, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру қажеттігін ескере отырып, реформаларды жүзеге асыру орталығын мемлекеттік басқарудың төменгі деңгейлеріне көшіру мен жергілікті өзін-өзі басқарудың нақты жүйесін құру сұрақтары басым болып отыр.

Дамыған елдердің демократиялық дәстүрлері жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді қызмет атқаруының белгілі бір жалпыға бірдей қағидаларын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Оларға келесілер жатады:

- қаражат пен шаруашылық дербестік сұрақтарындағы кең мүмкіндіктер мен құқықтар, соның ішінде, тұрғындарға, кәсіпорындар мен

- ұйымдарға, саналы салық салу арқылы;

- аталған аумақта тұрып жатқан тұрғындардың тіршілігін қамтамасыз ету сұрақтарында әрекет етудің айтарлықтай кең мүмкіндіктері;

- мемлекеттік араласудың, тек заңмен белгіленген өрісімен шектелуі;

- құқықтық реттеу жүйесін халыққа қызмет көрсету салаларына тікелей шаруашылық басқару жүйесінен ажырату;

- жергілікті өзін-өзі басқарудың деңгейлерін, әр біреуіне бір-біріне кереғар келмейтін ықпал ету өрісі, құзыретін анықтау арқылы нақты айыру;

- алмастырылатын және тұрғындар алдында жауапты сенімділерді сайлау арқылы өзін-өзі басқару; шешім қабылдау мен басқару процесстерінің кең әлеуметтік негізі.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру үрдістерін жүзеге асырудың негізгі элементі болып көрінеді. Бұл үрдісті жүзеге асыру үшін, демократиялық мемлекеттің қызмет атқару талаптарына жауап беретін, қоғамдық басқарудың бүтін жүйесін құруға мүмкіндік беретін, дәйекті іс-шаралар кешенін дайындау қажет.

Әлемдегі жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуының тарихи тәжірибесі, оның үнемі мемлекетпен, мемлекеттік басқарумен тығыз байланыста болғандығын, жергілікті деңгейде оның жалғасы ретінде болып, сонымен қатар, дербес, көп ретте мемлекеттік құрылымдардан тәуелсіз асырылатын, айтарлықтай өкілеттікке ие болғандығын айғайқтайды.

Нақты қызмет атқаратын жергілікті өзін-өзі басқару институтын құру мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі

басқару арасындағы мемлекеттік жүйелерді орталықсыздандыру реформаларын ары қарай жалғастырусыз мүмкін емес, бұл қадам жергілікті билік деңгейлерінің өкілеттігімен, оларды орындаудағы жауапкершілікті нақты бекітуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік басқаруды жетілдіру міндетті түрде басқарудың орталықсыздандыруымен қоса жүруі керек. Бұл жергілікті өзін-өзі басқарудың табиғи жолы, ол қазіргі күні бар тәжірибемен және шетелде муниципалды құрылымдарды құрудың тарихымен дәлелденеді.

Билікті орталықсыздандыру — «басқару өкілдігімен басқару жүйелерін, материалды-техникалық, қаржылай және басқа да ресурстарды, және де жауапкершілікті орталық билік органдарынан жергілікті билік органдарына беру үрдісі, төменгі құрылым органдарының өкілеттілігінің шеңберін жоғарғы құрылымдардың есебінен кеңейту процесі.

Басқаруды орталықсыздандыру келесіге мүмкіндік береді:

- басқарудың тиімділігін өсіруге;

- әлеуметтік белсенділікті арттыруға және басқару үрдісіне тұрғындардың кең ауқымын қосуға.

Орталықсыздандыру түсінігінің мәнін анықтау тәсілі:

1) Орталықсыздандыру — басқару жүйелерін орталық билік органдарынан жергілікті органдарға беру, төменгі құрылым органдарының өкілеттілігінің шеңберін жоғарғы құрылымдардың есебінен кеңейту үрдісі;

2) Орталықсыздандыру — басқару жүйесі, орталықтандыруға қарама-қайшы, яғни жергілікті әкімшілік органдар мен қоғамдық өзін-өзі басқару мекемелерінің басқару мен билеу шегін кеңейту;

3) Орталықсыздандыру — бұл азаматтар алдында жауап беретін жергілікті органдарға міндеттерді беру.

Орталықсыздандыру — билеу өкілеттілігін үкіметтен, оған саяси, қаржылай және экономикалық тұрғыда тәуелді емес, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беру үрдісі. Бұл, бірінші кезекте, саяси жүйенің өзгеруі.

Бірінші тәсілде билік балансының орталықтан едәуір төмен (жергілікті) деңгейге көшіру күтіледі. Орталықсыздандыру, басқаруды демократизациялауға мүмкіндіктер туғызып, үкіметті халыққа жақын етеді деуге болады. Екінші және үшінші тәсіл шеңберінде, мемлекеттік міндеттердің, меншік пен қаражаттың бір бөлігінің жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беріліп, олар орталық-

сыздандырылған міндеттердің шеңберінде, жоғарыдағы билікке жүгінбей, өз атынан әрекет ете алады деп күтіледі. Бұл тәсілмен жергілікті автономия қамтамасыз етіледі.

Қазақстанда орын алған, мемлекеттік жүйелерді мемлекеттік басқару деңгейлері арасында беру үрдісін орталықсыздандырудың тар мағынасында түсіну керек, ал мемлекеттік жүйелерді мемлекеттік басқару деңгейлерінен

жергілікті өзін-өзі басқаруға беруді орталықсыздандырудың кең мағынасында түсіну керек. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру қажетті, басқарудың тиімділігін арттырып, азаматтарға басқару үрдісіне тікелей қатысуға мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару тиімді басқарудың негізі болып табылатын, үкімет пен қоғам арасындағы байланысты тудырады (Кесте 1).

Кесте 1. Орталықсыздандырудың маңызды аспектілері

	Саяси аспектілер	Құқықтық аспектілер	Экономикалық аспектілер
Негізі	-Мемлекеттік құрылым — Даму бағыттары — Үкімет мүдделері	— Конституция — Заңнамалық актілер — Нормативтік-құқықтық база	— Коммуналды меншік — Қаржылық ресурстар — Бюджеттік жүйе
Үрдістерді ұйымдас-тыру кезеңдері	— ЖӨБ органдарын құру — өкілеттілікті тапсыру — міндеттерді беру — бастамаларды қолдау	— Конституцияда бекіту — заңнамалық базаға өзгерістер енгізу — Орталық пен ЖӨБ органдарының арасындағы құқықтық қарым-қатынастарды нақтылау — жергілікті деңгейде шешілетін сұрақтарды анықтау	— жергілікті бюджетті құрудың дереккөздерін анықтау — коммуналды меншік нысандарын бөлу — жергілікті бюджетті жұмсаудың бағыттарын анықтау

Орталықсыздандыру мемлекеттік басқаруда құрылымдық өзгерістерді қажет етіп, жалпы, басқару иерархиясындағы төменгі деңгейге, соның ішінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына көбірек тәуелсіздік берумен байланысты, (соның ішінде функционалды, материалды, қаржылай, әкімшілік).

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өмірі салаларында, билік органдарын орталықсыздандырудың негізі болып табылатын, алғышарттардың едәуір мөлшері пайда болды.

Билік органдарын орталықсыздандыру үрдісі заңды — бұл, қоғамдық өмірдегі белгілі бір өзгерістердің арқасында іске асырылатын, сапалы ілгерілеу, мемлекеттік биліктің орасан зор түрленуінің, биліктің бөлінуінің, қоғамның демократизациялануының, тұрғындардың саяси құқықтар мен бостандықтарға ие болуының, жеке меншіктің енгізілуінің, мемлекет иелігінен алуыну мен жекешелендіру үрдісінің, шамадан тыс орталықтандырылған тоталитарлық мемлекеттің құлдырауының нәтижесі [1].

Кез — келген қоғамдық құбылыс сияқты жергілікті өзін-өзі басқару да кейбір қайшылықтарға ие, бірақ осының өзі даму көзі болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқару — өзін-өзі реттеудің түрлі механизмдерінің, қоғамның өздігінен дамуының, демократияның, ашық азаматтық қоғамның, азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғау жүйесінің берік негізі. Ол аймақ тұрғындарының өмір сүру деңгейін теңестіру мен жоғарылатуда, шағын кәсіпкерлікті дамытуда, құқық, саяси мәдениет саласында маңызды мәнге ие.

Қазіргі таңда халықаралық саясаттың күн тәртібінде жергілікті өзін-өзі басқару мен орталықсыздандыру басымдыққа ие екендігін атап өткен жөн. БҰҰ және халықа-


ралық даму агенттігі орталықсыздандыруды, жергілікті өзін-өзі басқаруды арттыруды және саяси процестерге азаматтардың қатысуын өз күн тәртібіне әлдеқашан қосып қойған және мемлекетті модернизациялау, кедейшілікпен күрес, экономикалық даму, демократияны нығайту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту, жемқорлықпен күрес, қоршаған ортаны қорғау құралы ретінде қолданған [2].

Жергілікті өзін-өзі басқаруды орынды құрған кезде тек жергілікті ресурстар оңтайлы жұмсалып қана қоймай, халықтың билікке сенімі арта түседі. Дамудың қазіргі сатысында осындай міндет Қазақстанның алдында да тұр. Елдің даму жүйесінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауы әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының тіршілік әрекетін тікелей қамтамасыз ету функцияларын жергілікті өзін-өзі басқару саласының жауапкершілігіне тапсырумен түсіндіріледі.

Біздің ойымызша, жергілікті өкілетті органдардың қазіргі жүйесі — маслихаттар жергілікті бюджетті қалыптастыру мен орындау, жергілікті қоғамдастықтар тіршілігінің әлеуметтік-экономикалық саласында максималды түрде өкілеттіктерді беру шарты жүзеге асқан жағдайда, яғни түбегейлі реформалау болған жағдайда ғана Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың негізі болып табылуы мүмкін.

Жергілікті өзін-өзі басқару институтын қалыптастырудың қажетті шарты болып жоспарлы орталықсыздандыру табылады, ол жүйелік тәсілдеме негізінде, бірнеше бағыт бойынша жүзеге асуы керек. Орталықсыздандыру келесі сурет бойынша жүзеге асуы мүмкін (Сурет 1).

Өзін-өзі басқарудың болашақ жүйесі айқын құқықтық база, сәйкес экономикалық жағдайдың болуын түспалдай-



Сурет 1. Мемлекеттік функциялардың орталықсыздандырылуы

тыны сөзсіз, адамдардың тәртібі мен мәдени құқықтарын, басқа деңгейдегі көпшілік түсінігінің сапасын, жергілікті өзін-өзі басқару мен мемлекет арасына енгізу пәнін бөле алар еді. Бұл үрдіс ұзақ, әрі күрделі және жұртшылық өкілдерінің, ҮЕҰ, мемлекеттік биліктің жергілікті орган қызметкерлерінен, заң жағынан ойластырылған және еңбекті көп қажет етеді [3].

Жергілікті өзін-өзі басқару саласында төмендегі мемлекеттік саясаттың басты бағыттарын жүзеге асыруды ұсынамыз:

— жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негіздерін қалыптастыру;

— қаржылық-экономикалық негіздерін қалыптастыру;

— азаматтарды белсендіру жағдайларын жасау және жергілікті өзін-өзі басқаруға азаматтардың қатысу формаларын дамыту;

— жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау және жергілікті өзін-өзі басқару қызметін мемлекеттік бақылау жүйесін қалыптастыру;

— жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін құру.

Жергілікті өзін-өзі басқару қызметінің құқықтық негіздерін қалыптастыру мақсатында ҚР заңнамалық-құқықтық актілеріне келесі түзетулер қабылдау қажет:

— мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында иелік ету заты мен өкілеттіктерін бөліп ажырату;

— қалалар мен ауылдық аймақтарда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың ерекшеліктері, қалалар

үшін азаматтар қатысуының негізгі формасы — АҚӨБ, ауылдар үшін — жиын;

— жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық ресурстарын қалыптастыру тәртібі;

— жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен жергілікті қоғамдастықтың меншігін қалыптастыру;

— жергілікті өзін-өзі басқару органы қызметкерінің мәртебесі;

— жергілікті тұрғындардың құқықтары мен міндеттері;

— заңды тұлға ретінде маслихаттың мәртебесін бекіту.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық-экономикалық негіздерін қалыптастыру үшін төмендегілер қажет:

— жергілікті өзін-өзі басқару органының салық базасын анықтау;

— ҚР бюджеттік кодексіне және басқа да заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу;

— жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өз міндеттерін жүзеге асыруға қажетті қаражатты салықтық емес қаражат көздерінен алуға заңнамалық мүмкіндік беру;

— мемлекеттік бюджет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бюджеті арасында табыстарды нақты ажыратып бөлуді қамтамасыз ету;

— жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жерді басқару құқықтарын анықтап беру.

Азаматтарды белсендіру және азаматтардың жергілікті өзін — өзі

басқаруға қатысу формасын дамыту жағдайларын қалыптастыру мақсатында төмендегілер қажет:

— азаматтардың қатысу формаларын кеңейтетін заңнамалық өзгерістер енгізу, онфң ішінде белсенді қатысу формалары: референдумдар, қоғамдық тыңдаулар, комиссиялар және т.б. енгізу.

— азаматтардың бастамашыл топтарын, АҚӨБ қолдау және дамыту үшін жағдай жасау, оларды шешім қабылдау үрдісіне тарту;

— жергілікті өзін-өзі басқару дегеніміз не, децентрализация реформасы не үшін жүргізіліп отыр, халық үшін мұның пайдасы қандай екендігін түсіндіретін адамдарға кең ауқымды ақпараттық кампаниялар жүргізу.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру-әдістемелік қолдау және жергілікті өзін-өзі басқару қызметіне мемлекеттік бақылау жүйесін қалыптастыру мақсатында келесілер қажет:

- әдістемелік әдебиетті дайындау және басып шығару;
- заңгерлік құжаттарды әзірлеуде көмек көрсету;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысын ұйымдастыруда және регламенттеуде көмек көрсету;
- қолданыстағы заңнамалар аясында жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербес шешім қабылдауын қамтамасыз ететін мемлекеттік бақылау жүйесін әзірлеу;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметін талдау, жинақтау және тәжірибе алмасу жүйесін қалыптастыру [4].

Біздің ойымызша, біздің елімізде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үрдісінің индикаторы ретінде төмендегілерді есептеуге болады:

— жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыретін анықап беретін «Жергілікті мемлекеттік басқару

және өзін-өзі басқару туралы» ҚР заңына түзетулер енгізу;

— жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қаржыландыру жүйесін анықтау;

— жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен жергілікті қоғамдық өзін-өзі басқару органдары жұмысының регламентін әзірлеу;

— заңды тұлға ретінде маслихаттың мәртебесін заңнамалық бекіту;

— мемлекеттік қызметтер мен атқаратын қызметтерінің бір бөлігін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының иелігіне беру;

— телевидение, газет, Ғаламтор желісін, білім беру мекемелерін пайдаланып маслихат депутаттарының сайлау кампанияларына ықпалын ескере отырып, азаматтарға жергілікті өзін-өзі басқару реформасының ерекшеліктерін түсіндіретін ұлттық ақпараттық кампания өткізу;

— жаңадан сайланған депутаттар мен маслихаттар аппаратының қызметкерлері 2016 жылға дейін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі үшін біліктілікті арттыру орталығында қайта даярлықтан өтуі тиіс;

— жергілікті өзін-өзі басқару органдары жергілікті бюджеттің 30% кем емес мөлшерін игеруі;

— азаматтардың жергілікті деңгейде АҚӨБ, жиындар/жиналыстар, петициялар, жергілікті референдумдар, оның ішінде Ғаламтор желісін пайдалана отырып, жергілікті қоғамдық құқықтық бастама және т.б.).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті — елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы/ «Қазақстан-2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. — 14 желтоқсан, 2012.
2. Шетел мемлекеттерінің муниципалдық құқығы. Еременян В. В. редакциясымен/ В. В. Еременян. — М.: Мир, 2013. — 752б
3. Иватова Л. М. Политические технологии как способ осуществления политической модернизации Казахстана // Актуальные проблемы модернизации Республики Казахстан: экономика, политика, идеология/ Иватова Л. М. — Алматы, 2014. — С.7—13.
4. Узакбаева А., Абдимомынова А. Ш. Региональное антикризисное управление: теоретический аспект. Молодой ученый. 2015. № 7. с. 505—508.

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін оңтайландыру мәселелері

Бекхожаева Айгуль Кожаметовна, кандидат экономических наук, доцент

Базыл Ажар, магистрант

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

В статье предложена эффективная модель государственного управления в Казахстане.

Ключевые слова: государственное управление, государственный аппарат, государственная служба.

2007 жылдан бері Қазақстанда нәтижеге бағдарланған қаржыландыру жүйесі негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі енгізілуде. Оны пайдалану мемлекеттік бюджетті мақсатты пайдалану және жоспарлауда мемлекеттік органдар қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Алайда, қол жеткізілген табыстарға қарамастан, келесі ресми мәліметтерде көрсетілген кемшіліктер бар. 2014 жыл барысында екі рет республикалық қаржы па-

кеттік органдар қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Алайда, қол жеткізілген табыстарға қарамастан, келесі ресми мәліметтерде көрсетілген кемшіліктер бар. 2014 жыл барысында екі рет республикалық қаржы па-

раметри анықталды және 25 рет түзетулер жүзеге асырылды [1].

Осы заманғы тиімді мемлекеттік қызметті және мемлекеттік басқару құрылымын құру ел Президентінің «Қазақстан — 2050» Стратегиясында, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында шешуші міндет ретінде айқындалғаны белгілі. Соған сәйкес, 2011 жылы Елбасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы» қабылданды.

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында:

- мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың бірыңғай саясатын қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігін және тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдардың қызметін халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер ұсынуға бағдарлау;
- мемлекеттік аппарат қызметінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету қажет.

Қызмет көрсету сапасын арттыру үшін заңнамалық негіз жасалды. Қызметтердің тізілімі мен осы тізілімге енгізілген қызмет көрсету стандарттары бекітілді, Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қызмет көрсету басталды. Жұртшылықпен кері байланыс орнату үшін көрсетілетін қызмет сапасын бағалау бойынша тұрғындар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу басталды.

Әкімшілік кедергілерді азайту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік органдардың рұқсат беру жүйесі мен бақылау-қадағалау қызметін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдады.

Мемлекеттік органдардың бақылау қызметтерін ретке келтіру үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде тексерудің кезеңділігін белгілеуге мүмкіндік беретін тетік заңды түрде енгізілді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасын іске асыру Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру саласында қоғамның қажеттіліктерін, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыру деңгейін арттыруға бағытталған бірыңғай, сындарлы саясат жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы Тұжырымдамада тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанда жүргізілген мемлекеттік басқару реформаларының қорытындылары талданды, ағымдағы ахуалды талдау нәтижесінде түйінді проблемалар айқындалды, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі белгіленген.

Соңғы уақытта Қазақстан тұтынушыға бағдарланған (Америка Құрама Штаты, Ұлыбритания, Нидерланды, Канада, Үндістан, Австралия және т.б.) жаңа мемлекеттік басқаруды енгізуге өтуде, ол бойынша мемлекеттік органдардың негізгі мақсаты — құқықтар мен мүдделерді қамтамасыз ету, сондай-ақ

халыққа және нарық субъектілеріне жағдай жасау. Тиісінше, негізгі трендті ұстану біздің еліміздің ұлттық экономикасының ерекшеліктерін ескере отырып, сондай-ақ жаңа мемлекеттік басқару қағидаттарын енгізген елдердің мәселелерін ескере отырып қажет болады.

Қазақстанда мемлекеттік сектор қызметінің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу бағытталуын сақтай отырып, мемлекеттік қызметті тікелей алушылар ретінде азаматтардың қажеттілігіне бағдарлануының негізі қағидатын енгізу ұсынылады.

Азаматтар мен бизнестің барынша жоғары қанағаттандыру кезінде мемлекеттің бәсеке қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік қызметтің патриоттық құрамдас бөлігін сақтау қажет.

Мемлекеттік қызметтердің толық тізбесін қалыптастыру мақсатында тұрақты негізде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар функцияларын түгендеу және талдау жүзеге асырылатын болады.

Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізілімінде ескерілмеген негізінен орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар көрсететін қызметтерді анықтау үшін мемлекеттік қызметтерді түгендеу заңнамалық актілердің тұрақты мониторингі арқылы жүргізілетін болады.

Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, шешімдер қабылдау және мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілік көрсеткіштерінің мәнін түзету кезінде алынған ақпаратты пайдалану үшін мемлекеттік қызметті тұтынушылармен кері байланыс жүйесін құру жұмысы жалғасатын болады.

«Электронды үкіметті» дамыту жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік басқару жүйесін реформалау жөніндегі іс-шаралармен үйлестіру және келісу электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтің санын ұлағайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оларды көрсету мерзімдерін қысқартуға, қажетті құжаттардың тізбесін жеңілдетуге ықпал етеді.

Осымен бір мезгілде ақпараттық жүйелерді біріктіру және жетілдіру үдерістерінің жүйелілік үйлестірілуі қамтамасыз етілеті және мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру деңгейі мен ақпараттық жүйелерді енгізу нәтижесіндегі қызметтер сапасын айқындауға мүмкіндік беретін енгізілетін ақпараттық жүйелерді бағалаудың пәрменді тетігі енгізілетін болады. Бұл тетік «электронды үкіметті» енгізу жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік басқару жүйесін реформалау жөніндегі іс-шаралармен үйлестіруге және келісуге мүмкіндік береді.

Осы кезеңде негізгі міндет қажетті ақпаратты берумен байланысты азаматтар мен бизнеске әкімшілік жүктемені азайту, азаматтардың мемлекеттік билік органдарына өтініштерінің санын төмендету және «бір терезе» қағидатын негізге ала отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қимылының жеделдігін арттыру есебінен күту уақытын қысқарту болып табылады [2].

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жетілдіру бойынша кешенді шараларды әзірлеу және іске асыру, біріншіден, тұтынушылардың пікірі мен мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады, бұл халықтың қанағаттанушылығын арттыруға және әлеуметтік ширығуды төмендетуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, негізгі күш мемлекеттік қызмет көрсетудің электрондық нысанын қолдану, құжаттардың саны мен мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімдерін, сондай-ақ мемлекеттік органдарға жеке барудың сапардың санын қысқарту есебінен халықтың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы деңгейін арттыруға бағытталады.

Тұтастай көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалаудың тиімді жүйесін құруды екі бағытта жүзеге асыру қажет. Біріншіден, қызметтер көрсетуге қатысатын әрбір қызметкердің жұмысын бағалаумен байланысты мемлекеттік орган көрсететін қызметтің сапасын бағалаудың пәрменді тетіктерін әзірлеу. Екіншіден, қызметтер көрсетуге жауапты әрбір мемлекеттік органда ішкі бақылау қызметін құру және дамытуды қамтамасыз ету.

Басқаша сөзбен айтқанда, мемлекеттік қызметтің жаңа моделі мемлекеттік қызметтердің тұтынушысы ретінде халыққа бағдарлауын болжайды.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастыру мемлекеттік қызметте адами капиталды басқарудың қолданыстағы тетіктерін жаңғырту және жаңаларын құруға бағытталады болады.

Мемлекеттік қызметке орналасу тәртібін және мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесін жетілдіру кадрлардың сапала жаңа деңгейге үздіксіз кәсіби өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасын бағалау мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың пәрменді құралы болады және жұмыс нәтижелері негізінде барынша кәсіби және құзыретті қызметкерлерді ынталандыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметшілер тәртібінің этикалық нормалары әрбір мемлекеттік орган қызметінің ерекшелігін ескеруге және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға әкелетін жағдайлардың туындауын алдын алуға мүмкіндік бере отырып, анық және нақтыланған болады.

Мемлекеттік қызмет құрылымында үш корпус белгіленгені белгілі:

1) мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысатын және мемлекеттік дамудың стратегиялық бағыттарын айқындайтын саяси мемлекеттік қызметшілердің корпусы;

2) мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін және саяси шешімдерді қабылдау мен олардың тікелей орындалуы арасында байланыстыратын буын болып табылатын мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің «А» басқару корпусы;

3) мемлекеттік саясатты іске асыратын және орындау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің «Б» атқарушы корпусы.

Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының жаңа тізілімі мен корпусарын, кадрлық резервті қалыптастыру тетіктері мен ротация, оның ішінде саяси мемлекеттік қызметшілерге ротация жүргізу тетіктерін қалыптастыру тиісті нормативтік құқықтық актілерде анықталатын болады.

Мемлекеттік қызметке орналасудың қолданыстағы конкурстық тәртібі едәуі жаңғыртылатын болады.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесін жетілдіру үшін қайта даярлаудың және біліктілікті арттырудың бірыңғай сатылас жүйесі құрылатын болады, нәтижеге бағдарланған мемлекеттік басқарудың қазіргі заманға білім технологиялары мен қағидатына негізделетін оқыту бағдарламаларының мазмұнды бөлімі сапалы жаңғыртылатын болады.

Жаңа моделде түпкілікті нәтижеге бағдарланатын және уәждеу және/немесе біліктілікті арттыруға негіз болатын мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасын бағалау енгізіледі.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде сондай-ақ аттестаттау тетіктері, уәждеу жүйесі және мемлекеттік қызметшілердің этикалық мінез-құлқы жетілдіріледі, мансаптық жоспарлау жүйесі қалыптастырылатын болады.

Мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай сатылас жүйе құру және жаңа кадрлық саясатты тиімді жүргізу үшін мемлекеттік органдардың кадрлық қызметтері мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органдарға әдіснамалық бағынатын болады.

Тұтастай, жоғарыда аталған бағыттарды іске асыру Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының мемлекеттік қызметті кәсібилендіру бөлігінде аталған нысаналы индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері және іске асырудың шешуші тетіктері Қазақстан Республикасы Президентінің жеке актісімен, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілермен бекітілетін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделі тұжырымдамасында айқындалатын болады.

Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлердің мәртебесі реттеледі, жолдау тәртібі жүйелендіріледі, тізбесі қайта қаралады және нормативтері әзірленетін болады.

Мемлекеттік аппараттың тиімді құрылымын қалыптастыру және әкімшілік реформаларды басқаруды жақсарту үшін мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың нақты өкілеттіктері мен жауапкершілігін белгілеуге ерекше назар аудару қажет.

Осы жұмыстың негізгі мақсаты экономиканың секторларын дамытудағы мемлекеттің рөлін анықтау және жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың дәйектілігін қамтамасыз ету болып табылады [3, 4].

Өкілеттіліктерді бөлу мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) функцияларды оңтайландыру, оның ішінде:

— мемлекеттік органдар мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері арасындағы, орталық мемлекеттік органдардың арасындағы, орталық және жергілікті органдар арасындағы мемлекеттік басқару жүйесінің қайталанатын функцияларын алып тастау;

— артық функцияларды, мемлекеттік органдар негізсіз орындайтын функцияларды, ағымдағы экономикалық жағдайларға сәйкес келмейтін функцияларды алып тастау;

— жеткіліксіз функцияларды, ағымдағы экономикалық жағдайға бағдарланған функцияларды қосу;

— функцияларды бөлуде ұтымды ету: мемлекеттік қызмет көрсетуді жақсарту және үйлестіруді жеңілдету үшін үксас функцияларды біріктіру, сондай-ақ функцияларды бөлу кезінде мүдделер қайшылығын болдырмау;

— стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мен орталық және мемлекеттік органдардың миссияларын іске асыру үшін қажетті мемлекеттік функцияларды оңтайлы жинауды әзірлеу;

2) мемлекеттік органдардың оңтайлы құрылымы мен санын айқындау.

Бұл мәселе шешудің негізгі құралы стратегиялық және бағдарламалық құжаттар мен жоспарларды есепке ала отырып, тұрақты және нақты әдіснамалық негізде функционалдық шолулар жүргізу болып табылады, ол жүргізілетін жұмысқа жүйелілік береді.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды шешу үшін функционалдық талдау жүргізудің әдіснамасы жетілдірілетін болды. Өкілеттілікті бөлу орталық мемлекеттік органдарда ғана емес, жергілікті атқарушы органдарда да жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте, Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын ескере отырып, жергілікті атқарушы органдарды нығайтуды және өңірлердің қажеттіліктерін ескере отырып, олардың санын айқындау мәселелері қаралатын болады.

Өкілеттіліктердің аражігін ажырату қорытындылары бойынша әрбір нақты мемлекеттік органда өкілеттіктің оңтайлы көлемі, аппараттың оңтайлы саны, басқарушылық және атқарушылық буындар айқындалады, тиісті әкімшілік шешімдерді қабылдаудың рәсімдері оңтайландырылады, орталық және жергілікті басқару деңгейлеріндегі атқарушы билік органдарының тиімді құрылымы жасалатын болады.

Жұмысты ұйымдастырудың тиімділігін арттыру, функционалдық және құрылымдық оңтайландыру, экономиканың қандай да бір саласын дамытуда маңыздылығын белгілеу бойынша баяндалған тәсілдер қызметі егжей-тегжейлі талданатын билік органына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге қатысты қолданылуы тиіс.

Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау үдерісін үйлестіру және жүргізілетін саясаттың келісілгендігі тиімді және нәтижелі мемлекеттік аппарат құруда шешуші рөл атқарады.

Әкімшілік реформаны жүргізуді реформалаудың барлық қатысушыларын үйлестіруді, қол жеткізілген нәтижелер мен мемлекеттік қызметті тікелей алушы ретінде халықтың мүдделігіне үнемі мониторинг жүргізуді жүзеге асырмайынша тиімді басқару мүмкін емес.

Үйлестірудің, ақпаратқа қол жетімділіктің және реформалау үдерісінің қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін үйлестіру функциясын реформалау үдерісіне қатысатын мемлекеттік органдардың өкілеттіктерінің аражігін нақты ажыратып, жеткілікті өкілеттігі бар мемлекеттік органға бекітіп беру қажет [5].

Әкімшілік реформаны жүргізу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жанында реформалаудың әрбір бағыты бойынша бірыңғай саясатты тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында тұрақты жұмыс тобы құрылатын болады, олар:

— әрбір мемлекеттік органның міндеттері мен функцияларын нақты қалыптастырады, олардың қайталануы мен әкімшілік реформаланы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдардың уәкілеттілігін барынша тиімді бөлетін болады;

— әкімшілік реформа барысын мониторингтеу және бағалау, өзі қойған мақсатқа қол жеткізу, сондай-ақ елдегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға және халықтың қажеттілігіне байланысты әкімшілік реформаның курс бағытын түзету тетігін енгізеді.

Әкімшілік реформаларды іске асыруды басқару сапасының жақсаруы көп жағдайда оны іске асыру барысы туралы объективті ақпараттың болуына ғана байланысты емес, сондай-ақ әкімшілік реформаның мақсаттары мен міндеттерін азаматтар мен бизнестің түсінуіне және қолдауына, олардың реформаның нәтижелеріне деген мүдделігіне байланысты болады.

Ол үшін әкімшілік реформаны іске асыру, азаматтардың, бизнестің және үкіметтік емес ұйымдардың реформаның негізгі мақсаттары мен нәтижелеріне жария талқылау жүргізу, әкімшілік реформаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері және барысы туралы қоғамды толық, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында хабардар ету жолымен іске асыру барысында мүдделігін арттыру мәселелері бойынша жұртшылықпен өзара іс-қимылы жасауын қамтамасыз етілуі тиіс. Тұтастай мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саясаты біртұтас, түсінікті, дәйекті, нақты қағидаттар мен өлшемдерге негізделеді және бұлжытпай сақталатын болады, ал мониторинг пен бағалаудың құрылатын жүйесі мемлекетке және азаматтарға мемлекеттік басқарудың жүргізіліп отырған реформаларының барысы мен нәтижелер туралы толық бейнесін сипаттайды.

Осылайша, Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, — атты Жолдауында: мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамытуды маңызды мәселе ретінде атап өтті. Біздің мақсатымыз — мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру. Ол қоғамға қызмет

ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа міндеттеріне сай болуы тиіс, — деп атап өтті, яғни:

— біріншіден, бізге мемлекеттік жоспарлау және болжау жүйесін одан әрі жетілдіре түсу керек. Қойылатын мақсат — жоспарлар мен бағдарламалар әзірлеуде мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту, еліміз басшылыққа алатын стратегиялық құжаттарды қайта қарау. Елімізде мемлекеттік аудиттің ең озық әлемдік тәжірибесі негізінде кешенді жүйе құру қажет. Экономикалық стратегияларымыз жүзеге асуы үшін мемлекет дағдарыстық жағдайларды күні бұрын тиімді түрде біліп, оларға қарсы шара қолдануы тиіс. Бұл үшін бізге дағдарысқа қарсы әрекет етудің көпдеңгейлі жүйесін құру қажет;

— екіншіден, біз басқаруды орталықсыздандыруды сауатты жүргізуіміз керек. Орталықсыздандыру идеясының мәні — шешім қабылдау үшін құқықтар мен қажетті ресурстарды орталықтан өңірлік билік органдарына беру. Жергілікті жерлердегі билік органдарының өкілеттіктері қаржылық және кадрлық ресурстармен нығайтылатын болады. Қоғам және азаматтар мемлекеттік шешімдер қабылдау процесі мен олардың жүзеге асырылуына тікелей қатыстырылуы қажет. Жергілікті басқару органдары арқылы халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетімен және жауапкершілікпен шешуіне нақты мүмкіндік беру керек. Бекітілген жергілікті басқаруды дамыту тұжырымдамасы ауылдық, селолық деңгейде басқару сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды және азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерге қатысуын кеңейтеді. Қазір селолық әкімдіктерге қосымша өкілеттіктер беру және олардың ауылдағы ахуалға ықпалын күшейту.

Мемлекеттік саясаттың нақты бағыттарын жүзеге асыруға жауапты кәсіпқой басқарушылардың мүлдем жаңа санаты — «А» корпусы құрылды.

«А» корпусына бірінші кезекте жауапты хатшылар мен облыс әкімдерінің аппарат басшылары, комитет төрағалары, қалалар мен аудандар әкімдері кіреді. Бұдан былай мемлекеттік қызметші лауазымдық сатымен кезек-кезеңмен, билік иерархиясының бір сатысынан келесісіне өзінің машығын жетілдіре және кәсіби деңгейін арттыра отырып көтерілетін болады. Белгіленген көрсеткіштерді асыра орындағандар мен өзінің тиімділігін көрсеткендерге және жоғары нәтижеге қол жеткізгендерге ғана ерекшелік жасалуы керек.

Ерекше назарды мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыруға аудару қажет. Міндет — мемлекеттік аппараттың халықпен өзара қарым-қатынастарында біржақты-өктем көзқарастардан арылып, азаматтарға мемлекеттік қызметтерді тиімді және жедел түрде көрсетуге көшу.

Мемлекеттік органдарды оларға тән емес функцияларды орындаудан босатып, мемлекеттік институттардың дербестігін сапалық тұрғыдан кеңейтуге тиіспіз. Үкімет оның орындалуын 2014 жылдан бастап жергілікті бюджет қалыптастырудың жаңа тетігін енгізумен ұштастыруы керек, — деп өз сөзін аяқтады.

Елбасы қойған міндеттерге қол жеткізу үшін төмендегі бағыттардағы кешенді әрі нақты іс-шаралар шешімін табуға тиіс деп есептейміз:

Біріншіден, мемлекеттік қызметке кадрларды конкурстық іріктеу жүйесіне халықтың сенімділік деңгейін арттыру;

Екіншіден, мемлекеттік қызметкерлердің меритократия қағидаларының сақталуына деген сенім деңгейін арттыру;

Үшіншіден, мемлекеттік органдардың құрылымын жетілдіру. Басқарушылық шешімдерді қабылдағанда мемлекеттік органдардың әрекетінде кешенділік болуын қамтамасыз ету қажет. Министрліктерге саясат қалыптастыру мен оны жүзеге асыруға бақылау жасау, саяси шешімдер қабылдау, ережелер шығарушылық әрекеті, комитеттер жұмысын үйлестіру функциялары жүктелген. Өз кезегінде министрліктердің комитеттері саясатты іске асырумен және бақылаушылық пен қадағалаушылық функцияларын дербес жүзеге асырумен айналысуы тиіс;

Төртіншіден, мемлекеттік қызметкерлердің жалақыларын еңбектің нақты нәтижелерімен ұштастыра отырып өсіру;

Бесіншіден, мемлекеттік қызметкерлерді дайындау, қайта дайындау және оқыту жүйесін жетілдіру;

Алтыншыдан, мемлекеттік органдардың персоналын басқаруда кадр қызметтерінің рөлін арттыру және «е-қызмет» жүйесінің жұмысын жетілдіру келесілерді қамтуы тиіс:

- мемлекеттік органдардың кадр құрамының бірыңғай базасын құру;
- «Онлайн» режимінде мемлекеттік органдардың кадр құрамының мониторингі;
- кадр қызметтерінің ақпараттарды алу және оны өңдеуге жұмсалатын уақыт және еңбек шығындарын азайту;
- мемлекеттік органдардың персоналды басқаруын бағалау жүйесін автоматтандыру.

Жетіншіден, этикалық нормаларды және сыбайластыққа қарсы заңнаманы, сонымен қатар олардың сақталуын бақылау жүйесін жетілдіру. Жоғарыда сөз болған шаралардың бәрі және әкімшілік реформасының логикасы сыбайластықпен күреске бағытталған. Олардан бөлек арнайы шаралар да іске асырылуы тиіс деп есептейміз:

- этика кодексін құрастыру және «сыбайластық» ұғымын нақтылау;
- этика және «мүдделер қақтығысы» мәселелері бойынша заңнамалық базаны жетілдіру; «Мемлекеттік қызмет жүйесінде «мүдделер қақтығысы» ұғымын заңнамалық деңгейде айқындау қажет, мұнда мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері, қоғам мен мемлекет мүдделері арасында қайшылықтар туындауы мүмкін. Бұл ретте мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібін регламенттеу қажет, оның ішінде мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметтен босағаннан кейін белгілі бір кезең ішінде оның қызметтік міндеттерін атқаруы кезеңінде ті-

келей бақылауында немесе оның құзыретіне сәйкес тікелей байланысты болған коммерциялық ұйымдарға жұмысқа ауысуына тыйым салуды белгілеу қажет»;

- сыбайлыстыққа қарсы заңнаманы жетілдіру;
- тәртіп кеңестерінің қызметін жетілдіру;
- мемлекеттік органдар қызметін қоғамдық бақылаудың тиімді тетігі ретінде азаматтардың мемлекеттік ме-

кемелерге шағымын қарау үшін тағайындалатын омбудсмендер институтын енгізу.

- жоғары лауазымды шенеуніктердің активтері мен табыстары туралы ақпарат жариялау тәжірибесін енгізу.
- шенеуніктің бақылауындағы құқықтық өкілеттікті ауыстыру мақсатымен кадрлардың белгілі бір санаттарының мерзімді алмастырылуын қамтамасыз ету.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Открытость и эффективность работы государственных органов: аналитический отчет по исследованию / Агентство РК по делам гос. службы. — Алматы: ИЦ «Сандж», 2011. — 179 с.
2. «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығы.
3. Иватова Л. М. Политические технологии как способ осуществления политической модернизации Казахского общества // Актуальные проблемы модернизации Республики Казахстан: экономика, политика, идеология / Иватова Л. М. — Алматы, 2014. — С.7–13.
4. Узакбаева А., Абдимомынова А. Ш. Региональное антикризисное управление: теоретический аспект. Молодой ученый. 2015. № 7. с. 505–508.
5. Келимбетов Қ. Административная реформа-веление времени // Казахстанская правда. — 2012. — 26 января.

Развитие туристического кластера в региональной экономике

Бекхожаева Айгуль Кожаметовна, кандидат экономических наук, доцент

Жаркеткенева Динара, магистрант

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

В настоящее время туризм является одной из наиболее стремительно развивающихся отраслей сферы услуг. Выступая в качестве одного из эффективных катализаторов социально-экономического развития, индустрия туризма оказывает стимулирующее влияние практически на все смежные отрасли экономики.

Мировой опыт сегодня свидетельствует, что с помощью туризма можно:

- преодолеть неравномерность развития отдельных территорий региона;
- оживить региональную экономику за счет привлечения инвестиций;
- улучшить инфраструктуру;
- обеспечить занятость населения;
- поддержать предпринимательство и местную промышленность;
- улучшить экологическую обстановку за счет дополнительного финансирования природоохранных программ.

Сегодня широкое распространение получили кластерные принципы организации производственного взаимодействия на региональном уровне.

Данный подход способен коренным образом изменить содержание региональной экономики, в том числе и сферы туризма. По мнению А.Ю. Александровой, решающую роль в развитии индустрии туризма сегодня

играют кластеры, как один из эффективных способов привлечения клиентов и повышения конкурентоспособности туристической отрасли экономики. Она считает, что складывающаяся в рамках экономических зон систему взаимосвязанных фирм, организаций и учреждений в сфере путешествий и отдыха населения можно рассматривать как зарождающийся региональный туристический кластер [1].

Н.А. Пелевина считает, что туристический кластер является крупным самостоятельным межотраслевым хозяйственным комплексом, который лежит не в привычной вертикальной плоскости, а охватывает некое горизонтальное пространство, включающее предприятия и организации разной отраслевой принадлежности. Он представляет собой совокупность взаимосвязанных отраслей и производств региональной экономики, единой функциональной задачей которых является деятельность по удовлетворению потребностей людей в различных видах отдыха и путешествий при рациональном использовании всех имеющихся туристических ресурсов региона [2].

Туристический кластер — сосредоточение в рамках одной ограниченной территории взаимосвязанных предприятий, фирм и учреждений, занимающихся разработкой, производством, продвижением и продажей ту-




Рис. 1. Структура туристического кластера

ристического продукта, а также деятельностью, смежной с туризмом и рекреационными услугами.

Общую направленность целей кластерной организации туристического хозяйства обуславливают принципы туристического кластера. Для туристического кластера автором определены следующие основополагающие принципы:

- 1) взаимопонимание и готовность к сотрудничеству всех участников процесса;
- 2) равноправие и паритетность всех участников конструктивного диалога;
- 3) добровольность выбора форм сотрудничества;
4. взаимное информирование и выполнение, принятых на себя обязательств, согласно хозяйственным договорам, заключаемым непосредственно между участниками кластера.

Важнейшим элементом кластерного принципа развития региона является установление постоянного диалога всех участников процесса — малых и крупных предприятий, соответствующих властных структур, сервисных и научно-исследовательских организаций, системы профессионального образования, средств массовых информационных и др.

Чтобы кластер состоялся как жизнеспособная, самодостаточная, успешная и эффективная организация, по

мнению профессора М.П. Войнаренко необходимо пять условий — «5И»:

- 1) инициатива — инициативные и влиятельные люди из числа предпринимателей, представителей власти, общественных организаций, учебных заведений, способные своим авторитетом, умом, организаторскими способностями и знаниями сплотить, заинтересовать и на деле доказать полезность кластеров как для самих их членов, так и для региона;
- 2) инновации — новые технологии в организации производства, сбыта, управления, финансирования, способные открыть новые возможности в конкурентной борьбе;
- 3) информация — доступность, открытость, обмен знаниями, создание баз данных и веб-страниц, позволяющие получать преимущества в доступе к рынкам снабжения предметами труда, сбыта продукции, квалифицированной рабочей силы и т.п.;
